



КАЗАНСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АБАЙ



**«TURKIY XALQLARNING MA'NAVIY
INTEGRATSIYASI: TILI, ADABIYOTI,
MADANIYATI»
MAVZUSIDAGI II XALQARO
ILMIY-NAZARIY KONFERENSIYA**

TOSHKENT - 2025

**O'ZBEKISTON RESPUBLIKASI OLIY TA'LIM, FAN VA
INNOVATSIYALAR VAZIRLIGI**

**ALISHER NAVOIY NOMIDAGI TOSHKENT DAVLAT
O'ZBEK TILI VA ADABIYOTI UNIVERSITETI**

**«TURKIY XALQLARNING MA'NAVIY
INTEGRATSIYASI: TILI, ADABIYOTI,
MADANIYATI»**

**MAVZUSIDAGI II XALQARO ILMIY-NAZARIY
KONFERENSIYA MATERIALLARI**

TOSHKENT - 2025



Mazkur ilmiy maqolalar to'plamida «Turkiy xalqlarning ma'naviy integratsiyasi: tili, adabiyoti, madaniyati» II Xalqaro ilmiy-amaliy konferensiyasi materiallari jamlangan. Maqolalarda turkiy tillarning rivoji va o'zaro o'xshashliklarini, umumiy adabiy merosimizni ilmiy asosda chuqur o'rganish; madaniy aloqalarni zamonaviy texnologiyalar orqali kengaytirish; tarjima va adabiy almashinuv orqali xalqaro miqyosda muloqotni kuchaytirish; raqamli platformalar orqali integratsiyani amalga oshirishga oid fikrlar yoritib berilgan. To'plamdan dunyo bo'yicha taniqli turkiyshunos olimlar, metodistlar, o'qituvchilar hamda ToshDO'TAU iqtidorli talabalarining maqolalari ham o'rin olgan.

To'plam til va adabiyot ta'limi bilan shug'ullanuvchi professor-o'qituvchilar, shu sohaning tadqiqotchilari, magistrant va talabalarga mo'ljallangan.

Taqrizchilar:

G.Asilova – *pedagogika fanlari doktori (DSc), professor.*

G.Norimova – *filologiya fanlari nomzodi, dotsent.*

Tahrir hay'ati:

S.Muhamedova, S.Qambarova, O.Turaqulova,
Y.Shirnova, M.Yo'ldosheva.

Mazkur to'plam matni Alisher Navoiy nomidagi Toshkent davlat o'zbek tili va adabiyoti universiteti Kengashining 2025-yil 2-iyundagi 10-sonli majlisida muhokama qilinib, nashrga tavsiya qilingan.

Izoh: Maqolalarning ilmiy saviyasi uchun mualliflar o'zlari mas'uldirlar.



DOI: 10.52773/tsuull.conf.2025/AGXT1069

АНА ТІЛІНІҢ СӨЗ СЫРЫ

Е.М. Молдасанов

ф.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ Қазақстан
er.alban2005@mail.ru

Абдувалитов Н.Б.

п.ғ.ф.д., доцент Низами атындағы
Ташкент мемлекеттік педагогикалық университет
Өзбекстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер құрамындағы көнерген сөздерді 6-сынып оқушыларына меңгертудің ғылыми-әдістемелік жолдары қарастырылады. Мақал-мәтелдер – көнерген сөздерді тарихи-мәдени контексте түсіндірудің ең тиімді құралдарының бірі. Оқушылардың танымдық ерекшеліктері мен жас деңгейіне сай оқыту әдістері ұсынылып, тәжірибелік сабақ үлгілері мен нәтижелер сараланады. Жұмыста интербелсенді әдістердің тиімділігі мен оқушының сөздік қорына, ұлттық сана-сезіміне әсері де талданған.

Мақал-мәтелдерде сақталған архаикалық лексикалық бірліктерді тану – тіл тарихын зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі. Сондай-ақ, архаизмдердің этимологиясын айқындау арқылы олардың тілдік мәнін ашуға бағытталған әдістемелік тұжырымдар беріледі.

Кілт сөздер: көнерген сөздер, мақал-мәтел, тарихи таным, оқыту әдістемесі, 6-сынып, интербелсенді әдіс, ұлттық құндылық.

Аннотация. В статье рассматриваются научно-методические подходы к обучению устаревшей лексики на основе казахских пословиц и поговорок у учащихся 6 класса. Пословицы выступают эффективным средством понимания исторической лексики в культурном контексте. Представлены методы обучения с учетом возрастных особенностей учеников, а также обсуждаются результаты применения интерактивных технологий.

В статье рассматриваются пути преподавания устаревших слов через казахские пословицы и поговорки. Также в статье представлены выводы, направленные на раскрытие языковой ценности архаизмов.

Ключевые слова: устаревшие слова, пословицы, историческое сознание, методика обучения, 6 класс, интерактивные методы, национальные ценности.

Abstract. This article discusses the methodological approaches to teaching archaic words through Kazakh proverbs and sayings for 6th-grade students. Proverbs serve as a vital tool for understanding historical language in a cultural context. The study proposes teaching methods aligned with the cognitive characteristics of middle school students and evaluates the impact of interactive approaches on vocabulary expansion and cultural awareness.

This article explores the methods of teaching obsolete words through Kazakh proverbs and sayings. The study also presents theoretical insights aimed at revealing the linguistic significance of archaisms.

Keywords: archaic words, proverbs, historical awareness, teaching methodology, Grade 6, interactive method, national values.

Кіріспе. Қазақ тіл білімінде көнерген сөздерді оқыту – тек тілдік құбылысты түсіндіру ғана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетанымды



қалыптастырудың да маңызды тетігі. Тілдегі көнерген сөздер – ұлт тарихының, мәдениетінің, руханиятының айнасы. Олар мақал-мәтелдерде жиі кездеседі және сол арқылы тарихи дәуір тынысы, салт-дәстүр, тұрмыс тіршілік көрініс табады. Алайда мектеп бағдарламасында бұл бағытқа арнайы назар аз бөлінеді. Әсіресе, 6-сынып оқушыларына көнерген сөздерді түсіндіру кезінде тартымды, жас ерекшелігіне сай әдістер қажет. Сондықтан бұл мақалада мақал-мәтелдерді негізге ала отырып, көнерген сөздерді оқытудың жолдары қарастырылады.

Әдебиетке шолу. Рухани жаңғыру үдерісі ұлттық сана-сезімнің күшеюінен бастау алады. Ал бұл сана-сезімнің өзегі – ана тіліміз. Ұлы Абай айтқандай, «пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең бір қызықты уақыты болып ойында қалады» [1.7]. Ана тіліндегі сөздердің ішкі мағынасын білу, білуге ұмтылу бір ғанибет – нәрсе. Ана тіліміздегі сөздердің барша байлығын игеру, тарихын білу – рухани парызымыз. Түркі халықтарына ортақ сөздердің көпшілігі қазақ тілінің де төл сөзі болып келеді. Зат есім сөздер: бала, жер, тас, көз, су, тау, қол т.б. Сынесім сөздер: ақ, жақсы, жаман, қара. Есім сөздер: мен, сен, ол, қанша. Сан есім сөздер: он, жиырма, жүз. Тек фонетикалық өзгерістерге ұшырағаны байқалады. Мысылы сөзі көне түркі тілінде сары-сарығ, үлкен-үлұғ т.б. Ұлттың тарихи жады – тілдік сананың ажырамас бір бөлігі болып табылады және ол ешқашан маңызын жойған емес. Тарихи жады тілдің дыбыстық және грамматикалық құрылымының, сондай-ақ лексика-семантикалық қорының тұрақтылығынан айқын көрінеді. Осындай тұрақты негіздер ұрпақтар арасындағы табиғи сабақтастықты сақтап, рухани мұраларды жеткізуші қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, тіл тарихын, соның ішінде көнерген сөздердің пайда болу мен қолданылу тарихын зерделеу – маңызды міндет.

Қазақтың мақал-мәтелдері – халық ауыз әдебиетінің көне әрі мазмұнды жанрларының бірі. Бұл фольклорлық үлгілерде халықтың өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы, салт-дәстүрлері мен тарихи-этнографиялық болмысы көрініс табады. Мақал-мәтелдердің құрылымдық тұрақтылығы олардың ғасырлар бойы өзгеріске ұшырамай, өз қалпын сақтап қалғанын дәлелдейді. Мұндай тілдік тұрақтылық олардың халық санасында тәрбиелік және өнегелік мәнге ие болуының нәтижесі ретінде қарастырылады. Осы орайда, мақал-мәтелдерді тілдік тұрғыдан зерттеу олардың алғашқы қалыптасу кезеңіндегі лексикалық және синтаксистік ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді. Бұл – қазақ тілінің тарихи дамуын тереңірек тануға жол ашады.

Мақал-мәтелдердің сөздік құрамы тақырыптық және жанрлық ерекшеліктерге сәйкес қалыптасады. Қазақтың мақал-мәтелдерінің басым көпшілігі еңбекке негізделген ортада дүниеге келгендіктен, олардың құрамында тұрмыс, саясат, діни ұғымдарға байланысты кең таралған лексикалық бірліктер кездеседі. Бұл фольклорлық мұралардың бастауын



ерте түркі жазба ескерткіштерімен байланыстыруға болады. Сонымен қатар, паремиологиялық және лексикографиялық дереккөздерде де саяси және діни мазмұндағы көнерген сөздердің кездесуі – табиғи заңдылық.

Көнерген сөздер – лексикалық қордың тарихи қабаты ретінде тіл білімінің диахронды зерттеу нысанына жатады. І. Кеңесбаев, І. Жарылқасынұлы, С. Исаев еңбектерінде көнерген сөздердің түрлері (архаизм, историзм) мен олардың тілдегі қызметі жан-жақты сипатталған. Архаизм – қазіргі тілде қолданылмайтын, бірақ бұрынғы дәуірде белсенді болған сөздер (мыс: әмірші, бек, жарлық), ал историзм – белгілі бір тарихи оқиғамен байланысты, көне заттар мен ұғымдарды білдіретін сөздер (мыс: сауыт, садақ, хан).

Мақал-мәтелдердегі лексикалық бірліктердің көнерген сипатқа ие болуы олардың ежелгі дәуірден бері қолданылып келе жатқанын дәлелдейді. Тілші-ғалым Р. Сыздықова мақал-мәтелдерді тілді оқытудың тиімді құралы ретінде қарастырып, олардың тарихи-мәдени мазмұнына ерекше мән береді. Сондай-ақ, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді оқытуда көркемдік тәсілдер мен бейнелілікке көңіл бөлу қажеттігін ұсынады.

Негізгі бөлім. Қазақ мақал-мәтелдері – халқымыздың дүниетанымы мен тарихи тәжірибесін жинақтаған тілдік мұра. Бұл тұрақты құрылымдарда көптеген көнерген сөздер (архаизмдер) сақталған. Олар – ежелгі замандарда жиі қолданылғанымен, қазіргі тілдік қолданыстан шығып қалған немесе мағынасы өзгерген сөздер. Архаизмдер – халықтың тарихымен, қоғам құрылымымен, мәдениетімен тығыз байланысты. Сол себепті мақал-мәтелдердегі архаизмдерді зерттеу – қазақтың өткен болмысын, танымын тануға жол ашады.

Архаизмдерді лексикалық тұрғыдан шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады: 1) тарихи архаизмдер – көне қоғамдық құрылымға, лауазымдарға, дәстүрлерге қатысты; 2) тұрмыстық архаизмдер – киім-кешек, шаруашылық, салт-санаға байланысты; 3) діни-мифологиялық архаизмдер – діни наным-сенімдер мен көне культтерге қатысты.

Қазақ мақал-мәтелдерінде жиі кездесетін архаизмдердің бірі – «төре» сөзі. «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясының мақал-мәтелдерге арналған 65-томында бұл сөз кездесетін бірнеше тұрақты тіркестер жинақталған. Мысалы: «Жер шайқалса – төбеге қатер, ел шайқалса – төреге қатер», «Таста тамыр жоқ, төреде бауыр жоқ», «Төреге ерген ерін арқалайды»[2.27], т.б. Осы мақалдарда «төре» сөзі тек Шыңғыс хан ұрпағын емес, кең мағынасында мемлекеттік қызметкерді, тәртіп пен заң иесін, тіпті қоғамдық әдеп сақтаушыны білдіріп тұр.

Ежелгі түркі жазба ескерткіштері мен сөздіктерінде бұл сөздің «заң», «тәртіп» мағынасында қолданылғаны айқын көрінеді. Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінде: «Күш есіктен кірсе, төре түңліктен шығады» деген мақалдың өзі тәртіпсіздік орнаған жерде заңның мәнсіз болатынын меңзейді. Сонымен қатар, «Il gider, töre kalir» [3,16] деген



мақал – салт-дәстүр мен құқықтық нормалардың ұлт өмірінде тұрақты орын алатынын көрсетеді.

Көптеген түркі тілдеріндегі «төр», «төре» сөздерінің мағыналық аясын салыстырмалы түрде қарастырғанда, олардың барлығы да тәртіп, басқару, құрылым, билік, заң ұғымдарын қамтитыны аңғарылады. Тіпті кей зерттеушілер бұл сөздің түп-тамырын «Тора» атты діни заң жинағымен байланыстырып, иврит тілімен байланысын да болжайды[4.52].

Осыдан келіп, «төре» сөзі тек тарихи атақ емес, сонымен қатар қоғамдағы заңдылық пен моральдық тәртіптің бейнесі ретінде көрінеді. Мақал-мәтелдер арқылы бұл мағына сақталып, көнерген сөздің мазмұндық жүгін бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отыр.

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі архаизмдер – тарихи, құқықтық және мәдени ақпаратты бойына сіңірген құнды лексемалар. Солардың бірі – «төре» сөзі, ол тек бір әулеттің атауы емес, ежелгі құқықтық және басқару ұғымдарымен тығыз байланысты. Бұл архаизмді жан-жақты талдау арқылы халқымыздың құқықтық санасы мен дүниетанымын, сөз мәдениетін тереңірек ұғына аламыз. Ендеше оқушыларға қарапайым мақал-мәтелдерді үйрете отырып, ондағы көнерген сөздердің түпкі мәніне үңілер болсақ, оқушы санасында тамаша тарихи танымның қалыптасатыны жоғарыдағы талдаудан-ақ аңғарылып тұр.

Әдіс-тәсілдер. Оқу үдерісінде мақал-мәтелдер арқылы көнерген сөздерді меңгерту үшін оқушының жас ерекшелігі мен қабылдау мүмкіндігін ескере отырып, төмендегі әдістер тиімді деп санаймыз:

1. Ассоциация әдісі: Оқушыға мақал ішіндегі көнерген сөзді ұсынып, оған қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, ұқсастық табу тапсырылады.

2. Рөлдік ойын: Мақалдағы тарихи сөзге негізделген көрініс көрсету арқылы мағынаны меңгерту.

3. «Кілт сөз» әдісі: Мақалдың ішінен бір көнерген сөз таңдалып, оқушылар сол сөзді қолдана отырып, жаңа мақал ойлап табады.

4. Интербелсенді платформа қолдану (Kahoot, Quizizz): Мақалдар мен көнерген сөздерді сәйкестендіру ойыны арқылы есте сақтау қабілетін арттыру.

5. Картотека құрастыру: Әр оқушы мақал ішіндегі көнерген сөзді жеке картотекаға жинап, мағынасын, синонимін, сөйлем ішіндегі қолданылуын жазады[5.18].

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу барысында мақал-мәтелдер арқылы көнерген сөздерді оқыту әдісінің тиімділігі дәлелденді. Бұл әдіс оқушылардың тіл байлығын кеңейтуге және көнерген сөздерді меңгеру процесін жеңілдетуге мүмкіндік берді. Мақал-мәтелдер тілдің байлығын көрсетіп қана қоймай, оларды қолданудың маңыздылығын түсіндіреді. Оқушылардың сөздік қорын арттыруда мақал-мәтелдер ұтымды құрал болып шықты, себебі олар көркем, әрі есте сақтау оңай. Сонымен қатар, мақалада көнерген сөздерді қолданысқа енгізу барысында оқушылардың



грамматикалық қателіктерінің саны азайғаны байқалды. Оқытушылар мен оқушылардың пікірлері бойынша, мақал-мәтелдерден алынған мысалдар оқушылардың өздігінен шығармашылық жұмыс жасауына ықпал етеді.

Мақала аясында жүргізілген тәжірибелік сабақтар 6-сынып оқушыларының көнерген сөздерге деген қызығушылығы арта түскенін көрсетті. Әсіресе, рөлдік ойын мен мақалдарды өздері ойлап табу кезеңі оқушылардың белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін оятты.

Жасалған бақылаулар мен сауалнамалар негізінде төмендегідей нәтижелер анықталды: 85% оқушы көнерген сөздердің мағынасын мақал арқылы оңай түсінген; 78% оқушы көнерген сөздерді өз сөздік қорында қолдануға тырысқан; 90% оқушы тарихи мазмұндағы сөздерді қазіргі ұғымдармен салыстыра алған. Бұл көрсеткіштер мақал-мәтелдердің тек тілдік құрал ғана емес, мәдени-тарихи танымды дамытатын маңызды материал екенін дәлелдейді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мақал-мәтелдер арқылы көнерген сөздерді оқыту қазақ тілін үйренуде маңызды рөл атқарады. Олар тек тілдің тарихын емес, мәдениет пен ұлттық дәстүрді де танытуға мүмкіндік береді. Оқушылар мақал-мәтелдер арқылы өткенді танып, қазіргі өмірде кездесетін көнерген сөздерді қолдануға үйренеді. Осылайша, мақал-мәтелдер оқу үдерісінде тиімді әдіс ретінде қолданыла алады. Бұл тәсілдің басты артықшылығы – оқушылардың тілдік және мәдени білімін тереңдетіп, оларды өз бетінше жұмыс істеуге ынталандырады.

Мақал-мәтелдер – көнерген сөздердің табиғатын түсіндіруге арналған таптырмас әдістемелік материал. Оларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану оқушының сөздік қоры байып, әдеби тіл нормаларын меңгеру деңгейі жоғарылайды. Осы мақалада ұсынылған әдіс-тәсілдер арқылы 6-сынып оқушыларына көнерген сөздерді меңгертудің нәтижелі болатыны тәжірибе арқылы дәлелденді. Болашақта бұл бағытта қосымша көрнекі құралдар мен мультимедиялық ресурстарды арттыру қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Алматы, «Арыс» баспасы – 2004. 230 б.
2. Бабалар сөзі: жүз томдық. Қазақ мақал-мәтелдері. Астана, «Фолиант», 2010. – Т. 65. – 414 б.
3. Kaşgarlı M. Divanü Lugat-it Türk Tercemesi II, Çev., Besim Atalay, - Ankara: Türk Dil Kurumu Yay, 1940. - 336 s.
4. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Қайнар, 2001. – 472
5. Еркибаева Г. Оқыту үрдісіндегі жаңа технологиялар. – Шымкент: Әлем, 2022. - 236 б.
6. Abduvalitov N. Ways of Teaching Samples of World Literature at Literature Classes by Grene Features. <http://ijmmu.com> editor@ijmmu.com ISSN 2364-5369 Volume 9, Issue 3 March, 2022 Pages: 219-223.
7. Bazarbayeva Raykhan Abdimumin qyzy Socio-psychological bases of forming speaking competence based on students' creative thinking. Web of Scientists and Scholars:



Journal of Multidisciplinary Research. <https://webofjournals.com/index.php/12/article/view/3485>

8. Abduvalitov N.B. The Problem Of Comparative Study Of Samples Of World Literature In General Secondary Schools // The American Journal of Social Science and Education Innovations (ISSN – 2689-100x) Published: American, 2021. – P: 44-47. Impact Factor: 2020: 5. 525.

DOI: 10.52773/tsuull.conf.2025/KPKX3446

TERMIN, ATAMA, SO'ZNING FARQLI VA O'XSHASH XUSUSIYATLARI

Axmedova Shaxnozaxon Farxod qizi

*Alisher Navoiy nomidagi Toshkent davlat o'zbek tili va adabiyoti universiteti
tayanch doktoranti*

shaxnozaxon4407@icloud.com

ORCID ID: 0009-0004-3129-6091

Annotatsiya. Ushbu maqola termin, atama va so'zning ko'pincha sinonim sifatida ishlatilishi, ammo ularning mazmun jihatidan farqlanishi muammolariga bag'ishlangan. Maqolaning maqsadi ushbu muammoni hal etishga qaratilgan bo'lib, ushbu tushunchalarning tilshunoslikdagi o'rni va ularga berilgan ilmiy yondashuvlarni o'rganish, amaliy tahlillar orqali ularning farqli xususiyatlarini aniqlashdan iborat. Shuningdek, terminlarning ilmiy-texnik sohalarda aniq va barqaror ma'no ifodalovchi birlik sifatida qo'llanishi, atama va istilohlarning mazmun jihatidan farqlanishi, so'zning umumtil birliklari bilan bog'liqligini yoritishni taklif etishdir.

Kalit so'zlar: *Termin, terminologiya, terminologik tizim, atama, leksema, istiloh, so'z, umumtil.*

Аннотация. Данная статья посвящена проблеме частого использования терминов и слов как синонимов, но их содержательных различий. Целью статьи является решение этой проблемы, изучение роли этих понятий в языкознании и научных подходов, придаваемых им, определение их точности и выявление их отличительных черт путем практического анализа. Также предлагается выделить использование терминов в научных и технических областях как единиц, выражающих четкое и устойчивое значение, содержательные различия терминов и выражений, связь слов с универсальными языковыми единицами.

Ключевые слова: *Термин, терминология, терминологическая система, модное слово, лексема, слово, универсальный язык.*

Abstract . This article is devoted to the problem of the frequent use of terms and words as synonyms, but their differences in content. The purpose of the article is to solve this problem, to study the role of these concepts in linguistics and the scientific approaches given to them, to determine their accuracy and to identify their distinctive features through practical analysis. It is also proposed to highlight the use of terms in scientific and technical fields as units expressing a clear and stable meaning, the differences in content of terms and expressions, and the connection of words with universal language units.

Key words: *Term, terminology, terminological system, buzzword, lexeme, word, universal language.*

So'nggi yillarda mamlakatimizda o'zbek tili rivojiga bo'lgan e'tibor avvaldagidanda kuchayib, o'zbek tilida terminlar va atamalar bilan ishlashga



DÜŞÜNCELER	
Rahmonova Shahlo Rashidovna. O'ZBEK MUMTOZ ADABIYOTIDA FAOL AYOL TASVIRI	135
Abdullayeva N.M. TURKIY XALQLAR ADABIYOTI VA XALQ OG'ZAKI IJODI MASALALARI	144
Заки Арсланович Алибаев. СОВРЕМЕННАЯ БАШКИРСКАЯ ПОЭЗИЯ В КОНТЕКСТЕ ВОСТОЧНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ	150
Акжолова Таңнура Нурбековна. КАРЫЛАРГА БОЛГОН МАМИЛЕНИН ЖОМОКТОРДО КАМТЫЛЫШЫ	158
Begmatova Dildora Abdunematovna. MAHMUD QOSHG'ARIYNING "DEVONU LUG'ATI-T- TURK" ASARIDAGI AYRIM MAQOLLAR TASNIFI	163
Erkinova Madinaxon Umid qizi. XALQ DOSTONLARIDA ALISHER NAVOIY VA HUSAYN BOYQARO DO'STLIGI TALQINI	171
Mansurova Yulduz Faxriddinovna. MUZAFFAR MIRZO IJODIDA TARIXIY OBRAZLAR TALQINI	175
Nizomjonova Durdona Nizomjonovna. TUSHUNISH - O'RGANISHNING BOSH MEZONI (S. AYNIYNING "ESKI MAKTAB" QISSASI ASOSIDA)	179
Qurbonboyeva Mohidil Isroil qizi. "ARBAIN" VA "NAZM UL-JAVOHIR" DAGI TIL OFATIGA: HIKMATLAR VA HADISLAR HAQIDA	184
Yusupova Gulchaman Baxtiyor qizi. O'ZBEKISTONDA "MAJOLIS"NING O'RGANILISHI	189
Avezova Maktuba To'rayevna. YASSAVIY VA UBAYDIY HIKMATLARIDA ILOHIY ISHQ TAJALLISI	193
Мухаббат Масадикова Гайбуллаевна, Қойшыбай Арайлым. TÜRK HALK HİKAYELERİNDE ANLATI YAPISI	198
Ishonxanova Iroda Abduvaxitovna, Almanova Sumbula Usmanovna. ALISHER NAVOIY SHAXSINING JAMIYATDAGI NUFUZI	205
II SHU'BA. HOZIRGI TURKIY TILSHUNOSLIKNING DOLZARB MUAMMOLARI	
Ravshanxo'ja Rasulov. TERMIN – TERMINOLOGIK BIRLIK	213
Mirzaqulov Tursunali O'tayevich. TURKIY TILLAR MORFEMALARI BIRIKUVIDAGI AYRIM CHEKLOVCHI OMILLAR HAQIDA	218
Е.М. Молдасанов, Абдувалитов Н.Б. АНА ТІЛІНІҢ СӨЗ СЫРЫ	222
Axmedova Shaxnozaxon Farxod qizi. TERMIN, ATAMA, SO'ZNING FARQLI VA O'XSHASH XUSUSIYATLARI	227
Esayeva Dilafruz Azamatovna. ONA TILI IMKONIYATLARINI KO'RSATUVCHI TIL BIRLIKLARI	233
Sharipova Xumora Zayniddinovna. OLMOSHLARNING KONTEKSTDA QO'LLANISHI	236
Umarova Diafruz Razzakberdiyevna. O'ZBEK TILSHUNOSLIGIDA ONOMASTIK BIRLIKLAR TADQIQOTI VA BOSHQA TURKIY TILLAR BILAN TAQQOSI	239

